

Бекітілді: _____
№ 23 «Ынтымақ» бөбекжай бақшасының
меңгерушісі: Урынтаева Р.Ж.
31.08.2021ж.



**2021 – 2022 оқу жылына арналған ортаңғы «Күншуақ» тобының
вариативтік бөлім жоспары**

«Бала тілі – бал»

2021 – 2022 оқу жылы.

Түсінік хат

Балаларға арналған көркем шығармалар, санамақтар, мақал мәтелдер, жаңылтпаштар, ертегілерді таныстыра отырып, оны көркемдеп, баяндап, сонымен бірге баланың сөздік қорын молайтып, тілін дамытады. Көркем шығармалар қоршаған әлемді, дүниенің тұтас күшін танытумен бірге, сан алуан күйде ондағы заттармен құбылыстардан хабардар етеді. Мұндай шығармалар балалардың бірлескен әрекеттерінің мазмұнын байыта түседі.

«Зерек бала» бағдарламысының ұстанымдарына сүйене отырып жасалған:

- Сөздік қорын байытып, сөйлеу барысында қолдану
- Тілдің грамматикасын дұрыс сақтау
- Өз ойларын дұрыс, қысқаша жеткізе білу
- Қарым-қатынас мәдениетінің қарапайым дағдыларын дамыту.

Тақырыптық жоспары 36 сағатқа бөлінген. Ол аптасына 1 рет өтеді. Тақырыбы мен сағат саны жоспарда көрсетілген.

Мақсаты:

Санамақ, өлең, мақалдар, жаңылтпаштар жаттату, жұмбақтар жасыру арқылы, үлкендермен және құрдастармен қарым-қатынас жасауға, сөздік қорларын байытып, тілдерін дамытуға мектепке дейінгі кіші жастағы бала тұлғасын қалыптастыру.

балаларға шығармаларымен таныстыру арқылы еңбек, достық, Отан туралы түсініктерін қалыптастыру.

Міндеттері:

-Барлық дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтуға үйрету;

-сөздік қорын байытып, сөйлеу барысында;

- өз ойларын дұрыс, толық және қысқаша жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру.

Байланыстырып сөйлеуге үйрету. –Шығармашылық тілді дамыту.

-Үлкендермен құрдастарымен жайдары әңгімелесе білу дағдыларын қалыптастыру.

Ай аттары	Апталар	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс-тәсілі	Көрнекілігі	Сағаты
Қыркүйек айы	1-апта	«Біздің балабақшада» (М.Әлімбаев)	Балаларды өздері келіп жүрген балабақшасы туралы білімдерін қалыптастыру. Балабақшаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Күн тәртібі туралы әңгімелей отырып, өлең жолдарын жаттап алуға дағдыландыру.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, Жаттату, ойын ойнату. т.б	Топтарға саяхат	1
	2-апта	«Менің тобым» тақырыбында әңгімелесу.	Өздерінің топтары жөнінде әңгімелей білуге үйрету. Адал дос, достаса білуге адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу. Балалардың тілдерін, сөздік қорларын дамыту.	Сұрақ-жауап, түсіндіру т.б	Түрлі суреттер	1
	3-апта	«Менің сүйікті ойыншықтарым» (Сурет бойынша әңгімелеу)	Балаларды ойыншықтардың түрімен, түсімен таныстыру. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту. Ойын арқылы қызығушылықтарын арттыру. Қабылдау есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.	Ойын ойнату, сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру	Ойыншық-тар, суреттер	1
	4-апта	«Қуыршаққа арналған бөлме» Дидактикалық ойын	Балаларға жиһаздар түрлерімен таныстыру және олардың түрлерін ажырата білуге үйрету ой – өрісін сана- сезімін , сөздік қорын жиһаз сөзін дұрыс айтуын дамыту. Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балаларды жиһаздарды күтіп ұстауға, сыпайылыққа тәрбиелеу.	Ойын ойнату, түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап т.б	бөлме жиһаздарының ойыншық-тары	1

Қазан айы	1-апта	«Менің отбасым» тақырыбында әңгімелесу.	Балаларды отбасы мүшелері жөнінде әңгімелеп айтуға үйрету. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Үлкенді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру	Үлгі суреттер	1
	2-апта	«Отбасы мүшелері» туралы санамақ жаттату.	Санамақ жаттату арқылы балаларға отбасы мүшелері(ата,әже,әке,ана,іні т.б)туралы түсініктерін қалыптастыру.Балалардың тілдерін,сөздік қорларын байыту.	Саяхат,сұрақ-жауап,түсіндіру, көрсету т.б	Үлгі суреттер	1
	3-апта	«Кімге не керек?» Дидактикалық ойын	Балаларға ұлға,қызға керекті киімдер жайлы түсінік беру. Керекті киімдерді бір-бірінен ажыратып айта алуларын үйрету. Ойын ойнауға деген қызығушылықтарын арттыру. Ұққыптылыққа тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, түсіндіру,ойын ойнату	Ойынға қатысты үлгі суреттер	1
	4-апта	«Аналардың жүрегі» Қ.Мырза Әлі	Балаларға өлең мазмұнын түсіндіру.Балалардың тілдерін дамытып,ой-өрісін кеңейту,сөздік қорын молайту.Балаларды аналарын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, Жаттату, ойын ойнату.т.б	Үлгі суреттер	

Қараша айы	1-апта	«Бақта ма,бауда ма?» Дидактикалық ойын	Балаларға жемістер мен көкөкністерді бір-бірінен ажыратып және атауларын дұрыс атай алуларын үйрету.Сөздік қорларын, ойлау қабілеттерін,тілдік қорларын жетілдіру.	Сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру,ойын ойнату	Ойынға қатысты үлгі сурет	1
	2-апта	«Жемістер мен көкөністер» Жұмбақ жасыру	Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге және ойлау қабілеттерін,сөйлеу тілін дамытып,байланыстырып сөйлеуге үйрету.	Жұмбақ жасыру,сұрақ-жауап,түсіндіру, көрсету т.б	Үлгі суреттер	1
	3-апта	Жаңылтпаш жаттату	Балалардың тілдерін жаттықтыру.Әр түрлі сөзді шапшаң айтуға үйрету. Бірлікке,достыққа тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, түсіндіру,ойын ойнату	Ойынға қатысты үлгі суреттер	1
	4-апта	«Бұл қай кезде болады?» Ш.Ахметов	Балалардың күз туралы түсінігін кеңейтіп,жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтуға үйрету.Балалардың тілдерін дамытып,ой-өрісін кеңейту,сөздік қорын молайту.Балаларды табиғатты аялауға,әсемдікті көре білуге,сезінуге тәрбиелеу.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, Жаттату, ойын ойнату.т.б	Үлгі суреттер	

Желтоқсан айы	1-апта	«Менің Қазақстаным» сурет бойынша әңгімелету.	Балалардың өз Отаны туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін қалыптастыру. Сөздік қорларын, ойлау қабілеттерін, тілдік қорларын жетілдіру. Суретке қарап қандай бейнелер екенін ажырата алуларын үйрету.	Сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, әңгімелету	Ойынға қатысты үлгі сурет	1
	2-апта	«Рәміз» жаттау Н.Қалқа	Балаларға өлең жолдарының мазмұны бойынша рәміздермен таныстыру. Өлеңді түсініп, жаттай алуын үйрету және тілдерін жаттықтыру.	Сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын ойнату, жаттату т.б	Үлгі суреттер	1
	3-апта	«Отан» туралы мақал-мәтел жаттату.	Туған жер, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға мақал жаттату арқылы тілдерін жетілдіру. Отан сүйгіштікке тәрбиелеу.	Мақал жаттату, сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету т.б	Үлгі суреттер	1
	4-апта	«Елімнің рәміздері» сурет бойынша әңгімелету	Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін кеңейту, берілген сұрақты тыңдау және оны түсіне білуді жетілдіру.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойын ойнату. т.б	Үлгі суреттер	1

Қаңтар айы	1-апта	«Қыс қызығы» сурет бойынша әңгімелету.	Балалардың қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңету, тіл байлықтарын жетілдіру, қойылған сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беруге үйрету. Тәрбиешінің үлгісі бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.	Сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, әңгімелету	Үлгі сурет	1
	2-апта	«Табиғат құбылыстары» туралы жұмбақтар жасыру.	Балалардың ойлау қабілеттерін, шапшаңдық белсенділіктерін қалыптастыру. Сөздік қорларын жетілдіру. Ұқыптылыққа, татулыққа тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын ойнату, жұмбақ жасыру т.б	Үлгі суреттер	1
	3-апта	«Үй жануарларыма, жабайы жануарларма?» Дидактикалық ойын	Үй жануарларымен жабайы жануарлар туралы білімдерін жетілдіру. Оларды бір-бірінен ажыратып айтып айта алуларын үйрету.	Ойын ойнату, сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету т.б	Үлгі суреттер	1
	4-апта	«Құстарды қорғайық» сурет бойынша әңгімелесу	Құстардың атын танып білуге, құс табиғаттың, ағаштардың елшісі екенін ұғындыру, құстарға қамқорлықпен қарауға және оларды қорғай білуге тәрбиелеу.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойын ойнату. т.б	Үлгі суреттер	1

Ақпан айы	1-апта	«Қысқы орман» саяхаттау	Қыс мезгілі туралы түсініктерін бекіту. Қыс мезгілдерінің айырмашылықтарын айтқызу. Саяхаттау арқылы көргендері бойынша қысқы орманның ерекшеліктерін ажыратып айта алуын қалыптастыру.	Сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, әңгімелету	Үлгі сурет	1
	2-апта	«Ұшады, жүреді, жүзеді» Дидактикалық ойын	Балаларға көлік түрлерін таныстыра отырып, олардың түрлеріне қарай ажырата алуын үйрету. Ойынды қызығушылықпен ойнай алуын арттыру.	Сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын ойнату, т.б	Үлгі суреттер	1
	3-апта	«Жануарлар» туралы жаңылтпаштар жаттату.	Балаларға жануарлар туралы түсінік беру. Балалардың тілдерін жаттықтыру. Әр түрлі сөзді шапшаң айтуға үйрету. Бірлікке, достыққа тәрбиелеу.	Жаңылтпаш жаттату, сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету т.б	Үлгі суреттер	1
	4-апта	«Мамандықтың бәрі жақсы» сурет бойынша әңгімелесу	Мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту, мамандық иелерін жеке дара таныстыра отырып, жаңа сөздермен сөздік қорларын толықтыру.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойын ойнату. т.б	Үлгі суреттер	1

Наурыз айы	1-апта	« Ұлттық аспаптар» жұмбақ жасыру	Балаларға ұлттық аспаптар түрімен таныстыра отырып, ойлау арқылы жасырылған жұмбақты шапшаңдықпен шеше білуге үйрету.	Сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, әңгімелету, жұмбақ шешу	Үлгі сурет	1
	2-апта	«Шұбар тауық» ертегісі	Балаларға ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсету арқылы қандай ертегі екенін ажыратып, өз ойымен шағын әңгіме құрастырып айта алуға үйрету.	Сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын ойнату, т.б	Үлгі суреттер	1
	3-апта	«Атамның батасы» жаттау Н.Қалқа	Балаларға ұлттық салт дәстүрлер туралы түсінік беру. Өлеңнің мазмұнын түсіндіре отырып, балаларға батаны жаттату.	Өлеңді жаттату, сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету т.б	Үлгі суреттер	1
	4-апта	«Ұқсасын тап» Дидактикалық ойын	Д/ойын арқылы суреті бойынша салыстыра білуін дамыту. Суреттегі ерекшеліктерді айтып түсіндіру. Ойланып жұмыс істеуге дағдыландыру.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойын ойнату. т.б	Үлгі суреттер	1

Сәуір айы	1-апта	«Бөлме өсімдіктерінің пайдасы» әңгімелеу	Бөлме өсімдіктерінің аттарын айтып беру, өсімдіктердің тірі табиғатқа жататынын түсіндіру. Бөлме өсімдіктерін қалай күтсең солай өсетіндігін үйрету.	Сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, әңгімелету, жұмбақ шешу	Үлгі сурет	1
	2-апта	«Қайдан келдің бауырсақ»	Бауырсақ туралы өлең оқу. Сюжеттік рөлмен ойнауды үйрету, Үлкендер еңбегін бағалауға, құрметтеуге тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын ойнату, т.б	Үлгі суреттер	1
	3-апта	«Жәндіктер» туралы жұмбақ жасыру	Жәндіктер туралы түсініктерін кеңейту. Ойлау арқылы шапшаңдықпен жасырылған жұмбақты шеше білуге үйрету.	Жұмбақ шешу, сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету т.б	Үлгі суреттер	1
	4-апта	«Еңбек» туралы мақалдар жаттату	Еңбек туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға мақал жаттату арқылы тілдерін жетілдіру. Үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойын ойнату. мақал жаттату т.б	Үлгі суреттер	1

Мамыр айы	1-апта	«Достық» туралы мақалдар жаттату	«Достық» туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға мақал жаттату арқылы тілдерін жетілдіру. Бір-бірімен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, әңгімелету, жұмбақ шешу	Үлгі сурет	1
	2-апта	«Жеңіс» өлең жаттау Е.Зікібаев	Жеңіс күнің суреттеу бойынша әңгімелеп, өлеңді жатта білуге үйрету.	Сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу т.б	Үлгі суреттер	1
	3-апта	«Бейбітшілік құсы қалақтасын» сурет бойынша әңгімелеу	Ақ Көгершін құстың бейбітшілік құсы екенін түсіндіру. Мереке туралы айтып беру. Сурет бойынша шағын әңгіме құрап айта алуын үйрету.	Жұмбақ шешу, сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету тб	Үлгі суреттер	1
	4-апта	Біз не үйрендік?	Еркін тақырыпта дидактикалық ойындар ойнатып, сөздік қорларын дамытып, бекіту.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойын ойнату. т.б	Үлгі суреттер	1

